«Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

8 қыркүйек 2026 жыл **Орал қаласы**

Кіріспе бөлім: «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма).

Талдаудың негізі: Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы басшысының у.м.а Б.Н.Менешовтың 2026 жылғы 23 шілдегі №НҚ- 860 бұйрығы. Бұйрық негізінде басқарма қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылды:

1. Джумагазиев Ромен Алибекович - жұмыстар бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу бөлімінің басшысы,
2. Кудайбергенов Асхат Жоламанович - тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу бөлімінің басшысы,
3. Сагинтаев Сакен Сержанович - коммуналдық мүлікті басқару бөлімінің басшысы,
4. Ж.У.Акатова - мемлекеттік қатысатын заңды тұлғалармен жұмыс бөлімінің басшысының у.м.а.

Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Ж.Досмұхамедов көшесі, 45.

Талданатын кезең: 01.08.2025 ж. – 01.08.2026 ж.

Талдау кезеңі: 2026 жылдың 01- 31тамыз.

Басқарманың негізгі қызметі - ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының коммуналдық мүлкін басқару, үйлестіру, пайдалану саласындағы басшылық.

- **Мемлекеттік сатып алу саласына қатысты.**

Бірыңғай ұйымдастырушының қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің бұйрығымен бекітілген 2024 жылғы 9 қазандағы №687 Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі-қағида).

Бірыңғай ұйымдастырушы орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуларды ҚР Қаржы Министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 589 бұйрығымен бекітілген Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша жүзеге асырады.

Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер

1 тәуекел

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға *(бұдан әрі – Заң)* сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қазақстандық тауар өндірушілерге, жұмыстарды орындаушылар мен қызметтерді көрсетушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету қағидаттарына негізделеді *(Заңның 5-бабы)*.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шет мемлекеттерден шығарылатын тауарларға, тиісінше бейрезиденттер-әлеуетті өнім берушілер орындайтын жұмыстарға, көрсететін қызметтерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда және шарттарда ұлттық режим қолданылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі конституциялық құрылыстың негіздерін қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау, ұлттық экономиканы дамыту, қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында екі жылдан аспайтын мерзімге ұлттық режимнен алып қоюды белгілеуге құқылы *(Заңның 9-бабы)*.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен *(ҚР ҚМ 09.10.2024ж. № 687 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі – Қағидалар)* Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қоюлар белгіленген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде орналасқан жеке және заңды тұлғалар арасында жүзеге асырылады.

Осылайша, қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау ұлттық режимнен алып қоюды белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Қағидалардың 23-тармағының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында бірыңғай номенклатуралық анықтамалығының кодтары бойынша ұлттық режимнен алып қою белгіленген тауарларға форматтық-логикалық бақылау орнатылды.

Нақты сатып алынатын өнімге сәйкес келмейтін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің кодтарын бірыңғай номенклатуралық анықтамалығының кодтарын таңдау арқылы белгіленген шектеулерді айналып өту тәуекелі сақталуын атап өткіміз келеді.

Мәселен, әлеуетті өнім берушілер ұлттық режимнен алып қою белгіленген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға

қатысуға өтінім берген кезде, веб-порталда жарияланған сатып алудың автоматты түрде жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігі тексерілуі жүзеге асырылады.

Ұсыным

Бұл ретте мемлекеттік сатып алу веб-порталында форматтық-логикалық бақылаудың болуы шарт жасалғанға дейін сәйкес келмейтін кодтарды қасақана көрсету жағдайларының барлығын анықтауды өздігінен қамтамасыз етпейді. Көрсетілген тәуекелді жою үшін осындай сәйкессіздіктерді сатып алуды қалыптастыру кезеңінде анықтауды және көзделген негіздер болған кезде бұғаттауды қамтамасыз ететін цифрлық бақылау тетіктерін қарастыру қажет.

2 тәуекел

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес мынадай сатып алуларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген:

- жылдық көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарларды сатып алу;
- жылдық көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары үшін – айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Аталған норма мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың бәсекелестік қағидатынан ерекшелік болып табылады, өйткені ол мемлекеттік сатып алуды бәсекелестік тәсілмен өткізбестен, өнім берушімен шартты тікелей жасасу арқылы сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының сақталуы көзделген.

Алайда аталған негізді қолдану кезінде бірнеше әлеуетті өнім берушінің ұсыныстарын бәсекелестік рәсім шеңберінде салыстыру жүргізілмейді. Осыған байланысты сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасын бәсекелестік ортада салыстыру және неғұрлым тиімді бағаны айқындау мүмкіндігі шектеледі.

Сондай-ақ жыл ішінде бір өнім берушімен біртекті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бірнеше шартты дәйекті түрде жасасу тәуекелі туындауы мүмкін. Нәтижесінде мемлекеттік сатып алудың елеулі көлемінің бір өнім берушіде шоғырлану қаупі пайда болады.

Ұсыным

Аталған норманы алып тастау белгіленген құндық шектер шегінде біртекті тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты нақты өнім берушімен шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін қолдану мүмкіндігін жоюға және тиісті мемлекеттік сатып алуларды бәсекелестік тәсілдермен жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдері аппараттары үшін олардың қызметінің ерекшеліктерін, аумақтық шалғайлығын, сатып алу көлемін, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жедел сатып алуды қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, аталған негізді қолдану мүмкіндігін сақтау ұсынылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасын өзге мемлекеттік тапсырыс берушілердің қолдану мүмкіндігін алып тастай отырып, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдері аппараттары үшін көзделген ерекшелікті сақтау бөлігінде қайта қарау ұсынылады.

3 тәуекел

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 16-бабының 3-тармағы 31) тармақшасына сәйкес көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алған, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеген жағдайда, тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқтығы туралы монополияға қарсы органның қорытындысы болған кезде мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Аталған норма мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жалпы тәртібінен ерекшелік көздейді, өйткені бәсекелестік рәсімді өткізбестен белгілі бір өнім берушімен шартты тікелей жасасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған тармақша оның қолданылу аясына жататын іс-шаралардың кең тізбесін қамтиды және тиісті іс-шараны өткізу үшін тікелей қажетті материалдарды айқындаудың нақты өлшемшарттары көзделмеген.

Монополияға қарсы органның міндетті қорытындысының болуы сыбайлас жемқорлық тәуекелін шектеу тетігі болып табылады, алайда бұл тапсырыс берушінің қажеттілікті қалыптастыруына, сатып алынатын материалдар мен көрсетілетін қызметтердің құрамын айқындауына, нақты іс-шараға қатысу қажеттілігін негіздеуіне, оның құнын айқындауына және нақты өнім берушіні таңдауына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау мүмкіндігін толықтай жоққа шығармайды.

Ұсыным

Уәкілетті органға тармақшаны алып туралы ұсыныспен хат жолдау.

Аталған негізді алып тастау тиісті сатып алуларды бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу арқылы жүзеге асыру мүмкіндігін жоюға және көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алуды, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеуді заңнамада көзделген мемлекеттік сатып алу тәсілдеріне сәйкес бәсекелестік негізде жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Коммуналдық мүлікті басқаруға қатысты

4 тәуекел

Мүлікті есептен шығару барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелі: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 721 бұйрығымен бекітілген Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 4-тармағында мамандар мен сарапшыларды «қажет болған жағдайда» тарту мүмкіндігі көзделген, алайда мұндай тарту міндетті болып табылатын нақты өлшемдер белгіленбеген. Бұл комиссияға сараптама жүргізудің қажеттілігін дербес айқындауға және мүліктің техникалық жай-күйі мен оны қалпына келтірудің экономикалық орындылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде уәкілетті орган мүлікті есептен шығаруды келісу туралы шешімді тәуелсіз растаусыз, негізінен баланс ұстаушы комиссиясының қорытындыларына сүйене отырып қабылдауы мүмкін. Бұл мемлекеттік мүлікті субъективті немесе негізсіз есептен шығару тәуекелін туындатады.

Ұсыным

Қағиданың 4-тармағында тәуелсіз сарапшыны міндетті түрде тарту жағдайларын, атап айтқанда қымбат тұратын немесе техникалық жағынан күрделі мүлікті, сондай-ақ құрамында түсті немесе бағалы металдар бар мүлікті есептен шығару кезінде нақты белгілеу арқылы өзгеріс енгізу .

Персоналды басқарумен, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

Басқарманың әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің штат саны - 26 адамды құрайды, нақты – 23 адам бар.

01.08.2025 ж. – 01.08.2026 ж. аралығанда жұмыстан босатылған қызметкерлер - 3. Теріс себептермен жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ. Талданған кезеңде еңбек тәртібін бұзу және мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді бұзу фактілері тіркелмеген.

Барлық мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен мүліктері туралы декларациялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынылды. Басқарманың барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің «Ақпараттық қызмет» мәліметтер базасымен тексерілді. Мәліметтер базасына сәйкес басқарманың мемлекеттік қызметшілеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы туралы мәліметтер жоқ.

Басқарма қызметкерлерін кадрлық тағайындау ҚР БП ҚС ж АЕ АК және Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнайы тексеру жүргізгеннен кейін заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталуда.

Басқарма қызметкерлерімен акциялар, пайлар, жеке кәсіпкерлікпен айналысу фактілері орын алған жоқ.

Талданып отырған кезеңде басқарманың мемлекеттік қызметшілер арасында құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алуына байланысты .1 мемлекеттік қызметкерге қатаң сөгіс жарияланды, 1 мемлекеттік қызметкер жұмыстан шығарылды.

Талдау жүргізу барысында бос әкімшілік лауазымның ұзақ мерзімде бос болу фактісі анықталған жоқ. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабы 1-тармағына сәйкес, жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе сайлану жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» №40 бұйрығына сәйкес «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізіледі. Ережеге сәйкес талдау кезеңінде конкурс өткізу арқылы 3 қызметкер қабылданды. Қабылданған қызметкерлердің жақын туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты адамдардың мемлекеттік лауазымдарға орналасу фактілері орын алған жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталған.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақы төлеу мәселелері ашық жүргізіледі, талдау барысында шағымдар болған жоқ.

2.Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3.Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ережеге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету Басқарманың құзыреттілігіне кірмейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ережеге сәйкес Басқармада рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

5. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ережеге сәйкес Басқармада бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты мекемеге жүктелген функцияларды тиімді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз ету болып табылады. Бюджеттік бағдарламаның соңғы нәтижелері: басқарма аппаратын ұстау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, мемлекеттік мекемеге жүктелген функцияларды тиімді орындау.

«Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» 001 бюджеттік бағдарламасы бойынша басқарманың 2025 жылға бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес 212 854,0 мың теңге қарастырылды,

игерілгені 99,9 пайыз. Басқарманың 2026 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 222 858,0 мың теңге қарастырылды, игерілгені 99,9 пайыз.

7. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8. Ұйымдастыру-басқару қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде Басқармаға жеке және заңды тұлғалардан 177 өтініш келіп түсті.Өтініштер мерзімімен тіркеліп уақытымен жауып берілді. Өтініштердің басым бөлігі мемлекеттік сатып алу рәсімдері және коммуналдық мүлікті басқару сұрақтары бойынша.

Өтініштерді қарастыру бойынша мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіне шағымдану фактілеру болмады.

БАҚ-тағы және басылымдар мен жарияланымдарға мониторинг жүргізу барысында Басқарманың қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдар анықталған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талдау барысында нормативтік-құқықтық актілер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Басқарма басшысы **А.И.Ғұбашев**

Жұмыс тобының мүшелері:

С.Б.Тугузбаева

А.Ж.Кудайбергенов

Р.А.Джумагазиев

С.С.Сагинтаев

Ж.У.Акатова